

"Қорғас", "Бақты", "Достық", "Майқапшағай", "Қалжат" бекеттері арқылы жеке тұлғалар алып жүретін көлік құралдары мен тауарларды кедендік рәсімдеу туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 1999 жылғы 22 қыркүйек N 462-Б бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 4 қазанда тіркелді. Тіркеу N 918. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 401 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған бұйрықтарының тізбесі

16. "Қорғас", "Бақты", "Достық", "Майқапшағай", "Қалжат" өткізу пункттері арылы жеке адамдар өткізетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 462-П бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 4 қазанда N 918 болып тіркелген)...

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы" Заңының 154 бабына және 1992 жылғы 26 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Халықаралық автомобиль қатынасы туралы" Келісімнің 18 бабына

сәйкес, Қытай Халық Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың әкелетін тауарларын бақылауды күшейту мақсатында Бұйырамын:

1. "Майқапшағай", "Бахты", "Қорғас", "Достық", "Қалжат" автокөлік өткізу бекеттері арқылы Қазақстан Республикасына жеке тұлғалардың әкелетін тауарлары мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтар алу және кедендік ресімдеуді жүргізу үшін "Майқапшағай", "Бахты" кедендерінің іс-әрекет аймағында орналасқан уақытша сақтау қоймаларына жеткізілуі тиіс немесе тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасы аумағындағы тағайындалған кеден органына кедендік тасымалдаушы арқылы жеткізіледі деп белгіленсін.

"Қорғас" және "Достық" автокөлік өткізу бекеттері арқылы, тұрақты халықаралық автокөлік бағыттарын орындаушы және "А" Рұқсат түрінің" бланкілерін пайдаланушы автобустарды өткізу кезінде, оларға тағайындалған үш жүк таситын автокөліктен кедендік төлемдер мен салықтар алу үшін, олардың кеден органдарына жеткізілуіне, кедендік шығарып салу жүзеге асырылсын.

Ескерту: 1-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 5 қарашадағы N 86 бұйрығымен , 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 153 бұйрығымен .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде тіркеуден өткеннен соң күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ержановқа жүктелсін.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 5 қарашадағы N 86 бұйрығымен .

Төраға